

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY  
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022**  
**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**  
**ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**PROCEEDINGS**  
**of the international scientific and practical conference**  
**«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE**  
**INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»**

**Астана қаласы**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
А 94

*Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

**А 94** **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

Ұлт ұстазының еңбектерінің мәні жалпы орта білім беретін дәрежеге қол жеткен қазіргі кезеңде де бұрынғыдан да тереңдей бермек. Себебі, қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оларды оқыту әдістемесі секілді ғылым арналарын жүйелеген, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы екендігіне ешбір талас жоқ. Бұл біздің ұлтымыз үшін үлкен мақтаныш, қазақ ғылымы үшін үлкен жетістік.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992. – 448 б.
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. IV: –384 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) 3-т. – Алматы:Ел - шежіре, 2013. – 384 б.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
5. Жолшаева М. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі формативті бағалау ұстанымдарының көрінісі.// Қазақ білім академиясының баяндамалары. -№3, – Астана, 2017
6. Оралбаева Н. А.Байтұрсынұлы – тұңғыш әдістемеші ғалым. Ұлттық рухтың –ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы.-Алматы: Ғылым, 1999. –568 б.

#### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰЛТ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛЫ ІСТЕРІ

*МЫРЗАХАНОВ А.Е.  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,  
докторант,  
Астана, Қазақстан*

**Аннотация.** В статье автор дает обзор великих дел Ахмета Байтурсынова, крупного деятеля, обладателя большого таланта, выдающегося человека в истории, беззаветно преданного служению социальной жизни и культуре казахского народа.

**Abstract.** In the article, the author gives an overview of the great deeds of Akhmet Baitursynov, a major figure, the owner of great talent, an outstanding person in history, selflessly devoted to serving the social life and culture of the Kazakh people.

Ресейдегі алғашқы буржуазиялық-демократиялық революция Қазақстанның жұмысшы халқының саяси санасының оянуына, аймақта ұлт-азаттық, аграрлық және басқа да қысымшылық түрлеріне қарсы қозғалыс формаларын дамытуға серпін берді. Ресейде халықтың түрлі топтарының 1905-1907 жылдардағы оқиғаларға қатынасы әртүрлі болды. Өңірдің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуының төмен деңгейіне байланысты революция жылдарында сапалы жаңа деңгейге көтерілген еңбек қозғалысы басқаларға қарағанда біршама кең дамыды. Оған өнеркәсіптік және қалалық жұмысшылар белсенді қатысты.

Ахмет Байтұрсынұлы - бұл есімді білмейтіндер некен-саяқ болар. Өйткені, бұл кезде мемлекеттік мәртебеге ие болған Қазақ тілі туралы сөйлесек, Ахметтің ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде түрен салып, негізін қалаған, айдай әлемге танытқан да Ахмет! Жиырмамыншы ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары «қазақ халқының рухани көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы» деп ұлықтап, есімін тура атамай, «қазақтың Ахаңы» деп дәріптеген. Ахаңның аяулы есімін жылдар бойы айтқызбай келген Кеңестік жүйенің Коммунистік

партиясы «бір уақыттары өзі даттаған ұлын, 1988-ші жылдың қараша айының 4-і күні өзі ресми ақтады». Он бес республиканы ұршықша иірген Кеңес Одағы соңыра қоғаммен қош айтысуға мұршасы келмей, өзі келмеске кетті... «Дүние – кезек» деген осы болар, сірә! – деп жазады Ахметтанушы, ғалым Р. Имаханбетова өзінің монографиялық еңбегінде [1].

Расында, қазақтың басына түскен қиын да қилы алмағайып заманда ұлттың рухани көсемі болу – Ахмет Байтұрсынұлының маңдайына бұйырған киелі іс еді. Мамандығы қарапайым оқытушылықтан бөлек, саяси өмірге араласуына түрткі болған – қазақ халқының өз Отанында отырып, бұратана күй кешуі еді. Атамекенінде отырып өзінің тіліне, діліне, дініне, жеріне иелік ете алмаған жұртының аянышты ахуалы, оны және оның айналасына шоғырланған қазақ оқығандарын саясат-сахнасына күрескер етіп алып келді. 1904-ші жылдың соңына таяу А. Байтұрсынұлы отбасымен бірге Қарқаралы қаласында болғандығы, әрі осында тұрғандығы анық. Нақ осы қалада күрескер-ағартушының саяси көзқарасы қалыптасып, ол қоғамдағы әлеуметтік қозғалыстарға белсене қатысады. Дәл сол тұста болып жатқан сан қилы уақиғалардан тыс қалу мүмкін де емес еді. Өйткені, жаңа ғасырға қадам басқан қазақ ұлтының алдында үлкен сынақтар тұрды. Біріншіден, өз атамекенінде отырып, дербес ұлт ретінде өзінің ұлттық мүддесін қорғай алмауы – көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының намысын қозғап, ширықтырды. Екіншіден, барлық іс басқару жүйесінде патшалық құрықтың қыспағында болуы – қазақ оқығандарының өрісі мен тынысын тарылтып, тығырыққа тіреді. Осындай саяси қысымшылықтармен қатар, шектен тыс көпе-көрнеу қазақ ұлтын «бұратана» деп менсінбеуі – олардың ыза-кегін туғызып, қандай да бір шешуші қадамдар жасауға мәжбүрлейді.

1905-ші жылғы бірінші орыс төңкерісіне үлкен үмітпен қараған қазақ оқығандары: Бөкейханов Әлихан, Байтұрсынұлы Ахмет, Ақбаев Жақыптар осы жылдың 26-шы маусымында бір топ қазақ зиялыларымен әйгілі Қоянды жәрмеңкесінде бас біріктіріп, тізе қосып, халық атынан Петербордағы патша үкіметіне арыз-тілектерін (петиция) жазып, құзырхат жібереді. Бұл тарихи құзырхатта қазақ елін билеушілерге мынадай талаптар қойылды: 1).Діни сенімге қысым жасауды тоқтату; 2).Қазақ тілінде оқыту: интернат, пансионат, жоғарғы оқу орындарында; 3).Қазақ тілінде газет шығару; 4).Переселендердің көшіп келуін доғарып, «жерді қазақтікі» деп жариялау; 5).Қазақтарды өзінің атамекенінен көшіруді тоқтату; 6).«Далалық билеудің ережелерін» өзгерту; 7).Болыстық кеңселер мен халықтық соттарда істі қазақша жүргізу, өтініштерді қазақ тілінде қабылдау правосын (құқын) қалпына келтіру; 8).Сот ісін қазақ тілінде жүргізу; 9).Бастықтар, урядниктер санын қысқарту; 10).Генералгубернатордың бұйрығымен жер аударуды тоқтату; 11).Жоғары үкімет санатында қазақ депутаттардың болуы сынды ең өзекті мәселелерді көтерді [2].

М.Дулатұлы 1922-ші жылғы мақаласында А. Байтұрсынұлының саясат ісіне араласқандығы туралы: «...живя в Каркаралах, А.Б., принимает участие в революционных движениях: работая первое время нелегально, а затем, после обнародования Манифеста 17 октября 1905 года, являясь одним из видных и активных руководителей киргизской массы» - деп жазады.

Шындығында, қоғамдағы әділетсіз биліктің жымысқы саясаты Байтұрсынұлын теңсіздікпен күресуге алып келеді. М.Дулатұлының «...Отбасы душар болған бақытсыздық, кейін оның білімін жалғастыруға себеп болады» және «...төрт жыл бойы Орынборда оқу демалысы кездерінде жыл сайын оған елге барып-қайту оңайға соқпайды, бірақ табиғатынан төзімді А. Байтұрсынұлы қара суға қанағат етіп, 1895-ші жылы оқуын аяқтайды» деген лебіздерін оқығанда, қалайда білімге ұмтылған Ахметтің келешекте діттеген мақсатына жету үшін «басына түскен бар қиындыққа төзгеніне» еріксіз бас иіп, тәнті боласыз. Ол осы мақаласында Ахметтің әкесі Байтұрсынның бойындағы ерекше қасиеттерді бағалай келіп, оны «...табиғатынан батыл, ешқандай өкімнің жетегіне жүрмейтін, дархан даладай еркіндікті сүйетін, ерекше жан еді» дейді [3].

Орынборда атқарылған орасан еңбегі туралы Ахмет Байтұрсынұлы өзі басшылық еткен «Қазақ» газетінде «Губернатор өзгертілулері» мақаласында: «..өз басым Тройницкийге алғыстан басқа ешнәрсе айтпаймын. Өйткені жалған жала, жасырын шағымға инабат етіп,

бұлдаушы болмаса, менің үстімнен жасырын шағым болмас еді. Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Орынборға қуылмас едім. Орынборға қуылмасам, Қарқаралыда тұрып осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана берген сабақтан алты миллион қазақта алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін» - деп жазады [4]. Міне, мұндай мәлімдемеден, Байтұрсыновтың «қуғындалуының» өзін «ел ризығы үшін» басына жіберілген «сынақ» деп қабылдағанын көреміз. Шындығында, ағартушы ұстазды Алла-тағала біріншіден, адам етіп жаратқаныменен, қоғамдағы болып жатқан әр түрлі әлеуметтік ахуалдар оны өмір сахнасына күрескер-қайраткер етіп шығарды. Басына түскен сын-сағатта, «түрмеде отырмын» деп қамықса да, осы қасіреттің өзін қамшылағанын, патшаның құрығы оларды түрте-түрте елге қазық болар тұлға етіп шығарғанына шүкіршілік етеді. Күрескер «Өмір дерегінде»: «...Из тюрьмы выпустили с запрещением в пределах казахских областей и с правом выбора местожительства в других губерниях России. Выбор мой пал на город Оренбург, как на ближайший к Казахстану пункт и прибыл туда в марте 1910 года» - деп жазса, «Өмірбаянында»: «...Орынборға 1910-шы жылдың 9-шы наурызында келдім» деп, қалаға кіргені жөнінде нақты мәлімет береді [5]. Сонымен бірге, Орынборға келгеннен кейін «Қазақ» газетін ұйымдастырғанын, сол басылымның редакторы болғанын, осы тұста аталған газеттің жұмыстары барысында басқарушы биліктің әкімшілігі тарапынан бірнеше рет айыппұл төлеуге тіпті, кейде тағы «түрме тұтқыны» болып отыруға мәжбүр болғанын жазады. Ағартушының осы айтқандарынан көрінетіні, Орынборды «тұрақ» етуді оның өзі де қалаған, бұл таңдауының астарында патша ағзамның әділетсіз билігіне ширыққан күрескердің өзіндік дйттегендері болғанын көреміз. Бізге жеткен мұрағаттық тарихи деректер бойынша сараптасақ, «Қазақ» қоғамдық-саяси әдеби газетінің алғашқы нөмірі 1913-ші жылы ақпанның 2-сі күні шығады. Газет аптасына бір рет, қаржы көтеріміне орай, кейде екі рет басылым көріп отырған. Қалыптасушы қоғамдағы заман ағымына қарай «...газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп таныған күрескерлерге осы басылымға жетекшілік жасап, оны өз уақытында басып, шығару жұмыстары, жалпы, қазақ ұлтына үнқағаз арқылы қызмет жасау оңайға түспеген [6]. Мұны Ахметтің Орынборға 1910-шы жылдың басында келсе де, араға үш жыл салып, газетті шығаруға әрең қол жеткізгендіктерінен көруге болады. Шындығында, ұлт газетін шығаруды Алаш арыстары патша атына құзырхат жолданған 1905-ші жылдан жоспарлаған. Құзырхатта көтерген 11 мәселенің үшіншісі – қазақ тілінде газет шығару болатын. Бірақ, әлеуметтік ортадағы түрлі кедергілердің салдарынан, олар ұлт газетін шығаруға араға 7-8 жыл салып, бақуаттылардың қаржылай көмегінің арқасында мүмкіншілік алады. Орынбор облысы Мемлекеттік мұрағатының деректеріне сүйенсек, А.Байтұрсынұлы жаңа қонысқа келген соң, торғай-Орал переселен (қоныс аударушылар) партиясына кеңсе ісін жүргізуші болып жұмысқа кіреді [7]. Бұл мекемеде шамамен, екі жарым жылдай уақыт, 60 сом жалақымен ерікті жалданушы болып жұмыс жасайды. Осы уақыт аралығында ол ұлтының келешегі үшін алдына қойған жоспарларын іс жүзіне асыру мақсатында, қазақтың оқымыстылары: Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлыларымен бірігіп, газет шығару ісіне қажетті ең өзекті мәселелерді шұғыл шешуді қолға алады. Олар баспасөзге аса қажетті қаражат көздерін, әрі ұлт газетіне жазылушыларды ұйымдастырады. Ең бастысы, қазақ ұлтының тарихи атауы – «Қазақ» атымен шығатын газеттің жазылым тілін анықтап та алады. Бұл басылым қазақтың төл жазуымен шыққан тұңғыш газет болатын. А.Байтұрсынұлы «...сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген қағидасын әрбір бұратана халықтың ұлт болып қалыптасуындағы ең өзекті мәселе» деп қарайды. Оны «Орынбор әм 10 пеуірәл» атты мақаласында талдап таратады: «...Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрған жұрт аяқ асты болып азып-тозып жоғалмақшы. Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңіп, тұрғын жұрттың түріне түсіп, бөтендігі жоғалмақшы. Екеуі тең болса, бір-бірінен кем болмай, бірі біріне жем болмай, қатар тұрып күнелтіп, әр қайсысы өз алдына ұлт болып тұрмақ» - деп, ұлт күшінің қандай болу керектігін айтады [8]. Өз жұртының елдігінің негізіне тереңдеп, «...Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған қалық еді. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба?» - деп, араласқан ұлттар арасындағы қатынас тілінде қазақтың жайы алдағы күнде қалай болмақ деген

өзекті мәселені көтереді [8]. «...Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. ...Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» - дейді [8]. Сондықтан да әр тілдің айдауында жүрген өз ұлтына ең қажетті, аса зәру мәселе – Қазақ әліпбиінің таңбасын жасауды Орынборға келген бетте қолға алған. Ол өзіне дейін түзілген кирил таңбасындағы қазақ алфавитіне аса мойынсұнбайды. Қазақ жұртының төл, ана тілін бұзылмаған саф қалпында сақтау үшін қандай таңбаны алу керектігіне үлкен мән беріп, осы жолда бұрынғыларға ұқсамайтын төтеден соны жол іздейді. Өзінің ұзақ жылдар бойғы мектепте бала оқытқан тәжірибесі мен ізденістері барысында кирилше жазудың орыс патшалығы боданындағы қазақ ұлты үшін тіл саясатындағы «тұсау», тіпті «бұғау» деп түсінеді. Бұратана жұртқа қасақана енгізілген мәжбүрлі жазудан арылудың барлық амал тәсілдерін қарастырады. Ахмет сол себептен де жаңа әліпби таңдауға аса сақтықпен қарайды. Қазақ ұлтының болмыс-бітімін жоғалтпайтын, оның өзіне ғана тән табиғи дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі исламды «діл мен діннің лұғаты» деп зерделегендіктен, ол өз таңдауын араб графикасына жасайды. Сонымен қатар, ежелден қазақ жұртының қазақ болып қалыптасуындағы келе жатқан қадим жазуындағы дала данышпандарының көне зерттемелерін негізге ала отырып, ол өз таңдауын жұрт талқысына Қазақ газеті арқылы ұсынады.

Ахмет Байтұрсынұлы мен қазақ зиялыларының табанды күрестерімен толассыз қызметтің нәтижесіндегі тарихи оқиғалардың бірі 1917 жылдың шілдесінде Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезі. Онда мемлекеттік басқару, автономия, құрылтай жиналысына қатысу, саяси партия құру, жер, халықтық полиция, білім беру, сот және басқа да мәселелер қаралды. Съездің басты шешімі «демократиялық, парламенттік және федералды Ресей республикасының» құрамындағы қазақтардың аумақтық-ұлттық автономияға құқығын қорғау болды. Съездің айтулы жаңалықтарының бірі «Алаш» партиясының құрылуы туралы шешім болды. Алаш партиясын басында - Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов және либералды-демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының басқа да өкілдері тұрды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс және Ресейдегі 1917 жылғы ақпан-қазан төңкерістері қазақ ұлттық интеллигенциясының байырғы халықтың құқығын қорғаудағы белсенділігін күшейтті. Қазақ ұлттық партиясын құрудың алғашқы қадамдары бірінші орыс революциясы кезінде жасалды. 1905 жылдың аяғында Оралда Қазақстанның бес облысы өкілдерінің «делегаттар съезі» шақырылып, оның негізінде Алаш партиясы пайда болып, қазақ ұлттық партиясын құру туралы алдын ала шешім қабылданды. «Алаш» екі міндет қойды: қазақ халқын отарлық тәуелділіктен босату және әлеуметтік-экономикалық дамуды ілгерілету. Ә.Бөкейханов «Қазақстан алдымен Ресей Федерациясының құрамындағы егеменді демократиялық республика болады, біраз уақыттан кейін ол тәуелсіз мемлекет болады» деп сенді. Алаш бағдарламасына сәйкес басқару нысаны әлеуметтік құрылым мен ұлттық ерекшеліктерге сәйкес келуі керек еді.

Алаш көсемдері мен жалпы партия Қазан төңкерісін қабылдаған жоқ. Олар «Қазақ халқын отарлық қамыттан босату!» ұранымен бірікті. 1917 жылы 21 қарашада Қазақ газетінде Алаш партиясының бағдарламасының жобасы жарияланды. Бағдарлама жобасы он тармақтан тұрды: мемлекеттік құрылым, жергілікті бостандық, негізгі заң, дін, билік және сот, халықты қорғау, салықтар, еңбек мәселесі, ғылым мен білімнің дамуы, жер мәселесі. Алаш партиясының мақсаты 18-19 ғасырларда ыдырап кеткен қазақтардың ұлттық мемлекетін қалпына келтіру және президенттік институтты енгізу болды.

Алаш партиясы жерді қазақтардың меншігі ретінде мойындау туралы заңдардың қабылдануын және ана тілінде оқытатын мектептер мен университеттердің ашылуын талап етіп, қазақ аймақтарына орыс шаруаларын қоныстандыру процесін шектеу, кедейлерге бостандық пен теңдік құқықтарын ұсынуды талап етті. Өз кезегінде мұндай бағдарлама Алаш партиясын бұқараға кеңінен танытты.

Партиялық бағдарлама жобасының «Мемлекет нысаны» атты бірінші бөлімінде басқару нысаны мен мемлекеттің құрылымы қарастырылған. Ресей демократиялық республика болуы керек деп жарияланды. Демократияны мемлекеттегі биліктің халыққа тиесілі болуы деп түсіндіреді. Жоба авторлары ең жоғарғы өкілетті органның - Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Думаның екі палаталық құрылымын ұсынды. Ол бойынша президентті екі палата сайлауы керек еді. Палаталар алдында жауапты президент емес, министрлер болды. Депутаттар сайлауы жалпыға бірдей, тең, тікелей, жасырын дауыс беру арқылы өтуі керек деп түсіндіріледі.

Бағдарламаның «Жергілікті бостандық» деп аталатын екінші бөлімі ұлттық автономияны құруға қатысты еді. Бұл бөлімде халықтың мүддесі үшін жұмыс жасайтын адал мемлекеттік қызметшілерді сайлау идеясы ұсынылған. Осыған байланысты халықтың өзі билік органдарында, полицияда жұмыс істеуге лайықты адамдарды таңдайды. Бұл идея ешқашан өз құндылығы мен өзектілігін жоғалтқан емес.

«Негізгі құқықтар» аталатын үшінші бөлімде былай делінген: «Ресей Республикасында адамдар дінге, шығу тегіне және жынысына қарамастан тең болады». Теңдік, жеке адамның басына қол сұғылмаушылық, сөз бостандығы, баспасөз және одақтар бостандығы жарияланды.

Кейіннен жетіден астам съезд ұйымдастырылып, олардың барлығында Алаш партиясының бағдарламасының негізгі бағыттары өзекті болды. Олар әсіресе әлеуметтік-экономикалық, мәдени, білім беру, діни және басқа мәселелерді тұжырымдауда прогрессивті сипатта болды. Қазақстандағы алғашқы демократиялық бағыттағы «Айқап» және «Қазақ» газеті мәдениет, әдебиет, білім, ғылым мен техниканың жетістіктеріне кеңінен тоқталды. Міне, Алаш тарихында оның қалыптасуы мен дамуында қазақ зиялыларының алатын орны мен қызметі ерекше. Бұл тар жол тайғақ кешуде ұлт үшін аянбай қан мен терін төккендердің бірі және бірегейі Ахмет Байтұрсынов. Қайраткер Ахметтің баяндауына сүйенсек, ол «...с начала 18го года до начала 19-го года я работал в национальной организации «Алаш-Орда» дейді [5]. Осындағы «1918-ші жылдың басынан 1919-шы жылдың басына дейін «Алаш-Орда» ұлттық ұйымында жұмыстар атқардым» деп нақ айтуы және оны ресми құжатта анық атап көрсетуі, кейбір еңбектердегі: «...Ахмет Байтұрсыновты біз ерекше бағалайтын едік. Халық ағартушысы дәрежесінде біртұтас тұлға ретінде құрметтейтінбіз. Ақанды біз өзімізше Алашорда үкіметінің құрамына сырттан кіргізіп қоятынбыз, сөйтіп ол кісінің халық арасындағы үлкен абыройын партия мақсатына пайдаланатынбыз» дейтін саяси мағлұмат тарихшылар тарапынан келешекте тереңдеп зерттеуді қажет етеді [9].

Ахметтің ұлт үшін жасаған жұмыстарының ішіндегі аса маңызды тарихи маңызы зор, әрі ең асылы, ол қазақ елінің ұлттық автономиясын құру мәселесі туралы пролетариаттың көсемі Ленинге жолдаған хаттары. Өз алдына дербес өмір сүру – қазақ ұлтының ғана емес, күллі түркі жұртының ортақ мақсат-мүдделері болатын. Міне, түркі жұртының асыл мұратын іске асыру мақсатында, ол саналы түрде Қазақстандағы тұңғыш кеңестік үкімет органы – Қазақ төңкерістік комитеті құрылғаннан бері (10 айлық) қызметінің қорытындысын шығарып, «Ленин жолдастың ұлт және отар мәселесі туралы тезистеріне қосымша» деген атаумен 1920-шы жылы маусымның 20-сы күні хат жолдайды [10]. Хатты түркістан АКСР-ы өкілдері Тұрар Рысқұлов пен Низаметдин Қожаев, Башқұртстанның басшылары Зәки Уәлиди тоған мен Харис Юмағұловтармен бірге талқылап, ең өзекті деген мәселелерді көтереді. Мұнда қазақ жеріне орнаған Кеңес үкіметінің басшылары мен жергілікті ұлт өкілдерінің арасында ешқандай сенім болмағандығы, Ресей коммунистерінің айтқандары іс жүзінде «өңі» айналып, қабыспағандығы, жалпы, ғасырлар бойы отаршылдардың езгісіндегі қазақтардың өзін билеуге ұмтылысы, елді халық толық сенетін қазақ зиялылары басқаруға тиісті екені айтылады [10].

Тарихи тұлғаның қандай да партияға мүше болып, белсенді қызмет атқарғандығы хақында тарихшы ғалым К. Нұрпейіс өз зерттеу мақаласында талдап-таратып: «...Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш қозғалысы аясындағы қоғам қайраткері ғана емес, Кеңестік Қазақстанның алғашқы жылдарында жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтер атқарған адам. А.Байтұрсынұлы өткен осындай күрделі жол оның қоғам қайраткерлік қызметін зерттеушілер үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады. Солай болғанына қарамастан А.Байтұрсынұлы мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасасын (алаштық жүйе ме, кеңестік жүйе ме – бәрібір) ол бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді таңдап алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді» деген тұжырымды ой түйіндейді [11]. Шындығында, «Алаш» партиясының негізгі мақсаты – ұлттық мемлекет құру болатын. Сондықтан да Алаш зиялыларының бүкіл қызметі қазақ елінің дербестігін нығайтуға бағытталды. Алайда, сол тұстағы көрші алпауыт орыс мемлекетінде болып жатқан тарихи-саяси ахуалдардың қазақ елін де шарпуына байланысты Алаш қайраткерлері мемлекеттілігін құрудағы өз ұстанымдарын іс жүзіне асыра алмады. Бірақ, билікке келген Кеңестік үкіметтің «барлық ұлттардың теңдігі, бірлігі, ынтымақтығы сақталады» деген ұранына үлкен үміт артты. Ұлттар теңдігі туының аясында қазақ елінің де дербес мемлекет болатынына сенді.

Алаш партиясының бағдарламасының жобасы оның басшыларының туған халқының мүдделерін жанқиярлықпен қорғап, олардың өмір сүру және тәуелсіз саяси даму құқығын қорғағанын айғақтайды. Ахмет Байтұрсынұлы сынды азаматтар тізгінін ұстаған Алаш қозғалысының идеялары - әлемнің дамыған демократияларының Конституциясының идеялары мен тұжырымдамаларын сіңірген Қазақстан Республикасының негізі, Алаш қозғалысы негізгі жалпыадамзаттық және демократиялық құндылықтарды біріктіреді. Алашордалықтардың идеялары дәл осы елдің негізгі Заңының негізіне айналғаны сөзсіз.

Саналы ғұмырын қазақ жұртына қызмет етуге жұмсаған, ұлт мүддесін ұлықтау мақсатында білімнің шыңына шыққан күрескер солақай саясаттың құрбанына айналды. Күрескер түрмеде отырып та замандастары айтқандай «тізесін үстел ғып», қаламының қарымын тартпай соңғы демі үзілгенше ұлтының жағдайын ойлап, ой толғаған. 1988-ші жылы 4-ші қарашада Жоғарғы соттың шешімінен кейін, «Социалистік Қазақстан» газетінде: «М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» комиссияның қорытындысы жарияланған соң, Ахмет Байтұрсынұлы қақында танымдық ақпараттар мен ғылыми мақалалар сериясы үздіксіз жазыла бастады. Бүгінде мындаған мақала мен жүздеген зерттеулердің нысанына айналған Ахмет Байтұрсынұлының есімі тарихтың беттерінде таңбаланып, бояуы қанық сақталатыны сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Имаханбетова Р.С. Ғасын саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика ПРЕСС», 2010. – 304 бет. Мұрағаттық суреттер, деректі құжаттардың ксеросканерлі көшірмелері.
2. Бес арыс. (Құраст.: Әшімханов Д). – Алматы: Жалын, 1992.-544 б.
3. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынұлы // Труды Общества изучения Киргизского края. Вып. 3, Оренбург, 1922; Қолжазба (екінші дана). Р9, К. т.782. АБМҚ.
4. Губернаторлардың өзгертілуі (Қол қойған: А.Б.) // Қазақ №50, 14 ақпан 1914
5. Өмірдерек (Жизнеописание). Профессор А.Байтұрсынұлының №110 ісі; Өмірбаян (Биография). ҚазПИ, 209-іс, 1-тізбе, 6-байланым. АБМҚ.
6. Басқармадан. Құрметті оқушылар // Қазақ №1, 2 ақпан 1913
7. Переселендердің есебі. 17/03.1912. ҚР ОММ, 39-1-1101, 3-4-п/п. АБМҚ.
8. Байтұрсынұлы А. Орынбор әм 10 пеуірәл // Қазақ №1, 10 ақпан 1914.
9. Атшабаров Б. Алты алашқа әйгілі азамат еді... // Ақиқат №10, Б. 83-87., қазан 1992.
10. Ленинге хаттары. ҚР ҰҚК мұрағаты, 78754-іс, 6-т., 44-п
11. Ғылыми мақалалар жинағы. (Жауапты ред.: Жанпейісов Е). – Алматы: Ғылым, 1999.-568 б.